

## Хаттамасы 1

«Ә.Жанкелдин атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ-де өткізілген  
қамқоршылық кеңесінің жиналысы

Күні: 26 тамыз 2022 жыл  
Қатысқаны: 12

Сарға ауылы

### Күн тәртібінде:

1. Сабақ арасындағы үзіліс кестесі туралы
2. Оқушылардың мектеп формасы
3. «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы туралы

### Тыңдалды:

1. 1-ші мәселе бойынша мектеп директоры Ж.Избасаров айтып өтті. Мектептегі қоңырау кестесі талапқа сай болуы керек. Онда 2,4-сабақтардан кейін 15 минут үзіліс болуы қажет. Осыған байланысты мектептегі ұзақ қоңырау 15 минуттық болып бекітілді деп сөзін аяқтады.
2. 2-ші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Тітірбаева айтып өтті. ҚР-ның Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрық «Орта білім беру ұйымдарына міндетті түрде мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» бұйрығы негізге алынып, ұл балаларға көк түсті костюм шалбар, ақ кофта кию керек. Мектепте хиджаб, никаб, паранджа, қалпақ, әр түрлі түсті орамалдар салуға, арқа, крест т.б. заттарды тағуға тиым салынатындығын айтып өтті. Мектеп фойесінде мектеп формасы ережесінің ілініп тұрғанын айта келіп, әр ата-ана балаларын мектеп формасымен қамтамасыз етуіне көңіл бөлуін нақтылып айтып өтті.
3. 3-ші мәселе бойынша мектептің әлеуметтік педагогы А.Алуадинова айтып өтті. Мектебімізде «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы өткізілген болатын. Акция барысында жеке кәсіпкер Қожанова Гауһар қаржылай көмек көрсетіп, бір балаға мектеп сумкасы алынып берілді. АГЗС «Сарша» жеке кәсіпкерлік басшысы Нурсултанов Джусуп Даригулович қаржылай көмек беріп, әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасы балаларына мектеп құралдары мен мектеп сумкалары, көп балалы отбасының баласына спорт киімі, аяқ киімі алынып берілді. Жеке кәсіпкер Орамалов Мұрат қаржылай көмек беріп, мектеп сумкасы мен оқу құралдары алынып берілді. «Самұрық –Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» Акционерлік Қоғамы атынан көп балалы, аз қамтылған бірінші сынып оқушыларының жеті баласына мектеп сумкасы мен оқу құралдарын берді. Алынған заттар қамқоршылық кеңес шешімімен оқушыларға үлестіріліп берілді деп сөзін аяқтады.

### Қаулы:

1. Мектептегі сабақ арасындағы үзіліс уақыттары қамқоршылық кеңес мүшелері және ата-аналар тарапынан мақұлданып, ұзақ қоңырау уақыты 15 минуттық болып бекітілсін.
2. Мектеп оқушыларың мектеп формасы талапқа сай сақталып, қадағалансын.
3. «Мектепке жол» акциясы, қайырымдылық акциялары уақытында өткізіліп, жүзеге асырылсын. Қамқоршылық кеңес жиналысының хаттамасы «Ә.Жанкелдин атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ-нің әлеуметтік педагогы А. Алуадиноваға жолданды.

Жиналыс төрағасы



М.Түешиев

Жиналыс хатшысы:



З.Құсаинова